

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті
Төрағасының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 3 "Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесін
бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 2024 жылғы 21 маусымдағы № 8
бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 25
маусымда № 34565 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 29
шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде № 19190 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5)
тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен
бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар
агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 20) тармақшасына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық
жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының
жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесінде:

1-тармақ пен 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық
стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға
жатады.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және оның аумақтық бөлімшілері
туу көрсеткіштерін есептеу кезінде қолданады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Күнтізбелік жыл кезеңіндегі туу туралы статистикалық ақпарат тууды тіркеу
күні бойынша қалыптастырылады. Соңғы халық санағынан кейін орын алған, бірақ

есепті жылы тіркелген туу оқиғалары есепті жылдың статистикасында есепке алынады.
";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Халық арасындағы туу туралы ақпарат көздері азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының әкімшілік деректері болып табылады.";

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Халық статистикасы департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Халық статистикасы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне басшылыққа және жұмыста пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
басшысының міндетін атқарушы*

Ж. Джаркинбаев